

## 2009 жылғы 1 желтоқсандағы сақтандыру нарығының ағымдағы жағдайы

### Сақтандыру сыйлықақылары


Он бір айда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының тікелей сақтандыру шарттары бойынша қабылдаған сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемі өткен жылдың осыған ұқсас кезеңінде жиналған көлемінен 19,8%-ға азайып, 99 942,3<sup>1</sup> млн. теңге болды.

### Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі

*млн. теңге*

Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі	1.12.2008ж.		1.12.2009ж.		01.12.2008ж. салыстырғандағы өзгерістер, %-бен
	Сомасы	үлесі, %-бен	Сомасы	үлесі, %-бен	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	124 599,4	100,0	99 942,3	100,0	-19,8
Міндетті сақтандыру	27 443,1	22,0	28 355,6	28,4	3,3
Ерікті жеке сақтандыру	17 423,6	14,0	19 960,2	20,0	14,6
Ерікті мүліктік сақтандыру	79 732,7	64,0	51 626,5	51,6	-35,3

Міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі өткен жылдың осындай көрсеткішінен 3,3%-ға ұлғайып, ерікті жеке сақтандыру бойынша өсу 14,6 %-ды, ерікті мүліктік сақтандыру бойынша азаю – 35,3%-ды құрады.



2009 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша келіп түскен сақтандыру сыйлықақыларының құрылымына қатысты мынаны айта кетуге болады:

**міндетті сақтандыруда** – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 53,5% (15 165,0 млн. теңге) көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен, 33,8% (9 586,6 млн. теңге) қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде олардың өмірі

мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен, 5,8% (1 647,3 млн. теңге) қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объект иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру және басқалар бойынша – 6,9% түскен.

**ерікті жеке сақтандыруда** – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 20,1% (4 012,4 млн. теңге) жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша түскен, аурулардан сақтандыру бойынша – 38,7% (7 714,9 млн. теңге), өмірді сақтандыру бойынша – 6,0% (1 192,7 млн. теңге), аннуитеттік сақтандыру бойынша – 35,3% (7 042,4 млн. теңге) болып келеді.

**ерікті мүліктік сақтандыруда** – басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру бойынша - 8,0% (4 143,2 млн. теңге), мүлікті сақтандыру бойынша (автокөлікті, әуе, теміржол, су көліктерін және жүктерді сақтандыруды қоспағанда) – 48,7% (25 124,1 млн. теңге), азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру бойынша (автомобиль көлігі, әуе көлігі және су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін қоспағанда) – 20,6% (10 634,7 млн. теңге) және басқалар бойынша – 22,7% болды.


<sup>1</sup> сомасы қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру төлемдерін шегергенде көрсетіліп отыр.

Сақтандыру салалары бойынша (life, non-life) жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі былайша көрініс алады:

млн. теңге

Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі	1.12.2008ж.		1.12.2009ж.		01.12.2008ж. салыстырғандағы өзгерістер, %-бен
	Сомасы	үлесі, %-бен	Сомасы	үлесі, %-бен	
Сақтандыру салалары бойынша барлығы	124 599,4	100,0	99 942,3	100,0	-19,8
Өмірді сақтандыру	5 078,3	4,1	8 233,0	8,2	62,1
Жалпы сақтандыру	119 521,1	95,9	91 709,3	91,8	-23,3


"Өмірді сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру сыйлықақыларының түсінісі бойынша үлесі, %



"Өмірді сақтандыру" саласы. 2009 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша "өмірді сақтандыру" саласында жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 8 233,0 млн. теңге болды, бұл өткен жылдың осындай күніне қарағанда 62,1%-ға көп. Жиынтық сыйлықақылардағы "өмірді сақтандыру" саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының үлесі есептік кезеңде 2008 жылғы 1 желтоқсандағы 4,1%-ға қарсы 8,2% болды.

"Жалпы сақтандыру" саласы. "Жалпы сақтандыру" саласы бойынша 2009 жылғы қаңтар – қараша айларында жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 91 709,3 млн. теңге болды, бұл 2008 жылғы осындай кезеңге қарағанда 23,3% -ға аз.

"Жалпы сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру сыйлықақыларының түсінісі бойынша үлесі, %



### Қайта сақтандыру

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 48 996,0 млн. теңге немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 49,0%-ы болды. Бұл ретте, Қазақстан Республикасының резидент еместеріне қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 42,3%-ы берілді.


Қайта сақтандыру шарты бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қабылдаған сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасы 18 008,8 млн.теңге болды. Бұл ретте, Қазақстан Республикасының резидент еместерден қайта сақтандыруға қабылданған

сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 10 787,9 млн. теңге болды.

млн. теңге

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары	1.12.2008ж.		1.12.2009ж.	
	Сомасы	жиынтық сыйлықақылардағы үлесі, %-бен	Сомасы	жиынтық сыйлықақылардағы үлесі, %-бен
Қайта сақтандыруға берілген барлығы, оның ішінде	57 424,2	46,1	48 996,0	49,0
резидент еместерге	50 187,3	40,3	42 329,5	42,3
резиденттерге	7 236,9	5,8	6 666,5	6,7
Резидент еместерден қайта сақтандыруға қабылданған барлығы	9 409,1	7,6	10 787,9	10,8

**Елдер бойынша айта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықтарының құрамы, %**




**Сақтандыру төлемдері**

2009 жылғы он бір айда жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемі өткен жылдағы осындай кезеңмен салыстырғанда 52,9%-ға төмендеп, 25 285,2<sup>2</sup> млн. теңге болды. Бұл ретте, қайта сақтандыру ұйымдарынан қайта сақтандыру бойынша өтеу есебінен сақтандыру төлемдерінің үлесі 36,9% (9 339,9 млн. теңге) болып отыр.

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықтарының жалпы сомасында негізгі үлесті ерікті мүліктік сақтандыру бойынша сыйлықақылар – 91,7%, міндетті сақтандыру бойынша – 7,0%, ерікті жеке сақтандыру бойынша – 1,3% болды.

**Сақтандыру төлемдерінің құрамы, %**



Сақтандыру төлемдері	1.12.2008ж.		1.12.2009ж.		01.12.2008ж. салыстырғандағы өзгеріс
	сомасы	үлесі, %-бен	сомасы	үлесі, %-бен	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	53 636,6	100,0	25 285,2	100,0	-52,9
Міндетті сақтандыру	8 209,6	15,3	7 128,9	28,2	-13,2
Ерікті жеке сақтандыру	7 363,0	13,7	7 704,5	30,5	4,6
Ерікті мүліктік сақтандыру	38 064,0	71,0	10 451,8	41,3	-72,5

2009 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша жасалған сақтандыру төлемдерін қарастырған кезде мынаны айта кетуге болады:

**міндетті сақтандыруда** – көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша 42,3% (3 014,3 млн. теңге), қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде олардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша төлемдер 47,1% (3 359,4 млн. теңге), өсімдік шаруашылығын сақтандыру бойынша 9,8% (700,8 млн. теңге) және басқалар бойынша - 0,8% болды;

**ерікті жеке сақтандыруда** – сақтандыру төлемдерінің 70,1% (5 401,7 млн. теңге) аурулардан сақтандыру бойынша, жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша – 7,4% (573,9 млн. теңге), аннуитеттік сақтандыру бойынша – 20,1% (1 545,5 млн. теңге) және өмірді сақтандыру бойынша - 2,4%(183,5 млн. теңге) болды;

**ерікті мүліктік сақтандыруда** – 9,8% (1 019,9 млн. теңге) басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру бойынша, автомобиль көлігін сақтандыру бойынша – 13,1% (1 371,4 млн. теңге), мүлікті сақтандыру (автокөлікті, әуе, теміржол, су көлігін және жүкті сақтандыруды қоспағанда) бойынша – 68,0% (7 104,5 млн. теңге), басқалар бойынша – 9,1% болды.

2009 жылғы жеті айда жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы бойынша сақтандыру төлемдерінің ең көп көлемі мүлікті сақтандыру (автокөлікті, әуе, теміржол, су көлігін және жүкті сақтандыруды қоспағанда) бойынша, төлемдердің жиынтық сомасының 28,1%-ы болды.

### Сақтандыру нарығы жөнінде жалпы мәліметтер

2009 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығында 42 сақтандыру ұйымы (оның ішінде: 7 - өмірді сақтандыру бойынша), 13 сақтандыру брокері және 63 актуарий өз қызметтерін лицензия негізінде жүзеге асырды.

Институциональная структура страхового сектора	1.12.2008ж.	1.12.2009ж.
Сақтандыру ұйымдарының саны, оның ішінде:	44	42
өмірді сақтандыру бойынша	8	7
Сақтандыру брокерлерінің саны	12	13
Актуарийлер саны	55	63

Есепті күнге 32 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-ның қатысушылары болып табылды.

**Капитал.** 2009 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының меншікті капиталының жиынтық мөлшері 182 171,6 млн. теңге болды.

*млн. теңге*

Қаржы көрсеткіштері	1.12.2008ж.	1.12.2009ж.	01.12.2008 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
Жиынтық активтер	269 074,4	298 330,6	10,9
Міндеттемелер	106 225,3	116 159,0	9,4
оның ішінде сақтандыру резервтері	88 237,3	99 718,3	13,0
басқа да міндеттемелер	17 988,0	16 440,7	-8,6
Меншікті капитал (баланс бойынша)	162 849,1	182 171,6	11,9

**Активтер.** Сақтандыру ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 2009 жылғы 1 желтоқсанда 298 330,6 млн. теңге болды, бұл 2008 жылғы 1 желтоқсандағы осындай көрсеткіштен 10,9%-ға көп, оның ішінде:


*млн. теңге*

Активтер	1.12.2008ж.		1.12.2009ж.		01.12.2008 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	сомасы	үлесі, %-бен	сомасы	үлесі, %-бен	
Қолма-қол ақша	6 770,8	2,5	12 893,7	4,3	90,4
Орналастырылған салымдар	84 082,9	31,2	73 279,5	24,6	-12,8
Бағалы қағаздар	84 476,1	31,4	124 996,4	41,9	48,0
«Кері РЕПО» операциясы	25 453,1	9,5	9 260,1	3,1	-63,6
Сақтанушылардан және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары	19 389,8	7,2	16 848,9	5,6	-13,1
Негізгі қаражат	4 681,5	1,7	4 409,0	1,5	-5,8
Қайта сақтандыру активтері	32 735,9	12,2	40 590,4	13,6	24,0
Басқа дебиторлық берешек	7 355,0	2,7	11 441,3	3,8	55,6
Басқа активтер	4 129,3	1,6	4 611,3	1,6	11,7
Активтер жиынтығы	269 074,4	100,0	298 330,6	100,0	10,9

**Міндеттемелер.** 2009 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының міндеттемелер сомасы 116 159,0 млн. теңге болды, бұл былтырғы жылдың осыған ұқсас күніне қарағанда 9,4%-ға көп.

Есепті күнде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қолданыстағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету үшін қалыптастырған сақтандыру резервтерінің көлемі 99 718,3 млн. теңге болды, бұл 2008 жылғы 1 желтоқсанда қалыптасқан резервтердің көлемінен 13,0%-ға көп.

**Активтерді, меншікті капиталды және сақтандыру резервтерінің динамикасы, млрд. теңгемен**



### Сақтандыру нарығының шоғырлануы

Қаралған кезеңде сақтандыру нарығының сақтандыру сыйлықақылары бойынша шоғырлану деңгейінің кемуі және сақтандыру төлемдері бойынша өсуі байқалады. 5 ірі сақтандыру компанияларының үлесіне жиынтық сақтандыру сыйлықақылардың 45,2%-ы және сақтандыру төлемдерінің 53,6%-ы келеді. Сақтандыру нарығының жиынтық активтеріндегі бес ірі сақтандыру компаниялардың үлесі 52,5% құрады.

Сақтандыру нарығының жиынтық көрсеткіштерінен үлесі, %-бен	1.12.2008ж.	1.12.2009ж.
Бес ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру сыйлықақылары	49,8	45,2
Он ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру сыйлықақылары	65,7	65,6
Бес ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру төлемдері	16,7	53,6
Он ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру төлемдері	78,2	73,3
Бес ірі сақтандыру компаниясының активтері	54,5	52,5
Бес ірі сақтандыру компаниясының меншікті капиталы	59,2	59,7

Сақтандыру секторының негізгі көрсеткіштері	1.12.2008ж.	1.12.2009ж.
<b>ЖІӨ, млрд. теңге</b>	16 052,9	15 986,5 <sup>3</sup>
Сақтандыру сыйлықақыларының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,78	0,62 <sup>4</sup>
Меншікті капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	1,01	1,14
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	1,68	1,87
Сақтандыру сыйлықақыларының халықтың жан басына шаққандағы қатынасы, теңгемен	8 024,4	6 326,5

Ақпаратты Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі дайындады.

<sup>3</sup> – деректер ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің ресми сайтынан (Үкіметтің 2008 жылғы 26 тамыздағы отырысында мақұлданған 2009-2013 жылға Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму мен бюджеттік параметрлер болжамына енгізілген өзгерістерге сәйкес (Үкімет отырысының 26.08.2008 жылғы №32 хаттамасы)).

<sup>4</sup> - 2009 жылғы қаңтар-шілде айларында қабылданған сақтандыру сыйлықақылары

<sup>5</sup> – Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша ҚР халқы 01.03.2009 ж. бойынша 15 797 297 адам.